



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (93)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстанның киелі жерлері

Мұқтар Ә.Қ. Алтынордалық Сарайшық ортағасырлық тарихи деректерде 4

Бөкей Ордасына – 220 жыл

Ғиззатов С.М. Бөкей Ордасының тарихи тұлғалары және олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметтері 10

Археология

Моллақанағатұлы С. Маңғыстаудан табылған «Диуани хикмет» қолжазбасы 17

Шағирбаев М.С., Сорокин Д., Казизов Е.С., Морыксин Д.В., Бычков В.С. Исследования остеологических материалов с городища Шымкент (2019-2020 гг.) 23

Аймұхамбет Ж.Ә. Шырайлы қаланың шынайы әпсаналары 47

Алаш тарихы

Сайлаубай Е.Е., Рахметуллин Е. Шыңғыстау өңірінен шыққан қазақ байларының меценаттық қызметі мен тағдыры 55

Филология

Хамзин М. Ақын Дия қажы Ахметұлы шығармашылығы: таным және тәлім аясындағы ой-толғамдар 73

Айтмұхамбетова Б.А. «Призовой слиток на казахской поэтической ниве!» 80

Асанов Қ.Д. Сөз өнерінің насихатшылық сипаты 97

Кәріпбаев Ж.Т. Жүсіпбек Шайхисламұлының «Жүсіп-Зылиха» тақырыбындағы назирасы 104

Этнография

Жәкішева З.С. Дара тұлға 121

Жүнісқанов Е.Б. Қазақтың құсбегілік өнері 134

Музей ісі

Ахметова С.М. Қасиетті құранның поэтикалық аудармасы 140

Мәдениеттану

Мырзахметов А.Ә. Архетип және көркем шығармашылықтағы «түпсана» 145

CONTENTS

Sacred places of Kazakhstan

Muktar A.K. Sarayshyk the time of the golden horde in medieval historical sources 4

Bukeevskaya Horde - 220 years

Gizzatov S.M. Historical figures of the Bokey horde and their socio-political activities 10

Archeology

Mollakanagatuly S. Manuscript of «Diwani hikmet» found in Mangystau 17

Shagirbayev M. S., Sorokin D., Kazizov E. S., Moryksin D.V., Bychkov V.S. Research of osteological materials from the medieval settlement of Shymkent (2019-2020) 23

Aimuhambet J.A. Genuine legends of a beautiful city 47

Alash's story

Sailaubai E.E., Rakhmetullin E. Medical activities and the fate of the kazakh riches, emitters from the region of Chingistau 55

Philology

Khamzin M. Creativity of akyn Dia kazhy Ahmetovich: thoughts in the field of knowledge and education 73

Aitmuhanbetova B.A. Golden Zhamby in Kazakh poetry or A new look at the heritage of Zhambyl 80

Asanov K.D. Information and propaganda character of oratory 97

Karipbaev J.T. Tale by Zhusupbek Shaykhislamula on the topic «Yusup-Zylikha» 104

Ethnography

Jakisheva Z.S. Unique personality 121

Zhuniskanov E. B. The art of domestication birds of prey 134

Museum business

Akhmetova S.M. The poetic translation of the holy quran 140

Cultural studies

Mirzakhmetov A.A. Archetype and «subconsciousness» in artistic creativity 145

Кәріпбаев Ж.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

ЖҮСІПБЕК ШАЙХИСЛАМУҒЛЫНЫҢ «ЖҮСІП-ЗЫЛИХА» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ НАЗИРАСЫ

Мақалада қазақтың көрнекті ақын-жыршысы Жүсіпбек Шайхисламұлының «Жүсіп-Зылиха» тақырыбында жырлаған дастаны зерттеу нысанына алынып отыр. Зерттеуде қаламгердің шығармашылық бағыты, осы туындысының шығу тарихы, жазылу себептері мен негізге алынған әдеби каноны анықталады. Туындыға негіз болған Құл Ғали нұсқасы мен Жүсіпбек нұсқалары салыстырылып, сюжеті мен мотивтер желісіндегі көркемдік ерекшеліктері айқындалады. Нәтижесінде туындының назиралық негізде жазылғаны дәйектеледі.

Түйін сөздер: Шығыс әдебиеті, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Жүсіп-Зылиха, дастан, Құл Ғали, назира, реминисценция.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында Жүсіпбек Шайхисламұлының (Жүсіпбек қожа) есімі оқырман қауымға кеңінен танылды. Оның қаламынан жарыққа шыққан туындылар Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент баспаларынан дүркін-дүркін басылып, түркітілдес халықтар, оның ішінде қазақ арасына кеңінен таралып, оқылды. Ол жырлаған және хатқа түсіріп жариялаған туындылар екі үлкен арнаға бөлінеді.

Біріншісі, «Зарлық-Мұңлық», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Сара қыз бен Біржан салдың айтысы», «Айман-Шолпан», «Кенесары-Наурызбай» сынды т.б. қазақ эпостары мен тарихи жыр-дастандар. Осы жағынан келгенде, оқырмандар мен зерттеуші қауым оны әрі жыршы, әрі жинаушы, әрі жариялаушы ретінде таныды.

Екіншісі, Жүсіпбек қожаның шығыс әдебиетінде кеңінен таралып танылған

«қисса ән хазіреті Расулдың Миғражға қонақ болғаны», «қисса Қасым Жомарт», «қисса Қиямет ахуал», «қисса Сал-сал», «қисса Жүсіп аләһһиссалам илан Зылиханың мәселесі», «қисса Зарқұм», «қисса уақиға Кәрбала үшбүдүр хазіреті имам Хұсайн», «қисса Шаһ Зинда Юсуфбек» сынды т.б. туындыларды тәжірибелі жыршы, аудармашы, қиссашы, ақын-жазушы ретінде қазақ ортасынан алғашқылардың бірі болып, назира дәстүрінде қайта жырлауы. Осы жағынан оның есімі оқырман көршілікке шайырлық қырынан танылды.

Жүсіпбек қожамен тұрғылас Мәулекей Жұмашұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақылбек Сабалұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы сынды бірқатар ақындардың шығармашылығы әдебиет пен фольклор арасында қалыптасқан екеуара, жанраралық шығармашылыққа жатқызылды. Оларды толыққанды ақын-жазушы емес, тек ақын-жыршылар ретінде бағалап,

шығармашылықтары діни-ағартушылық ағымға жатқызылды. Осы ағым өкілдерінің шығармашылығы шығыс әдебиетінде кеңінен таралған діни, тарихи, әдеби, фольклорлық негіздегі аңыздар, әпсаналар, мифтер мен ертегілер сюжеттерін қайта жырлауларына байланысты «кітаби-ақындар» деген шартты атаумен де аталды.

Кітаби-ақындар деген шартты атауды, өз зерттеулерінде алғаш қолданғандардың бірі Мұхтар Әуезов: «Кітаби-ақындар бар, олар шығыс классикалық әдебиетімен тығыз байланыста болды және тек қана ескі кітаби сжеттерге ғана жазды... «Шах-наме», «Жүсіп-Зылиха», тағы басқа «Ләйлә-Мәжнүн», «Сейфүл-Мәлік», «Бозжігіт», «Зияда», «Шәкір-Шәкірат» сынды қыруар лиро-тұрмыстық, көптеген араб-парсы ертегілік тақырыптарындағы шытырман поэмалар немесе халықтық романдар, тарихи хроникалар, өмірбаяндар, нақылдар, аңыз-хикаялар ретінде өңделіп берілді» – деген пікір айтқан (Ауэзов, 1961: 216-217).

Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы қарым-қатынас тақырыбы, зерттеушілер тарапынан ерекше өзектілікке ие тақырыптардың біріне жатады. Тәуелсіздік жылдары «кітаби-ақындар» қатарына жатқызылып жүрген біраз ақындардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары біршама зерттелді. Алайда, Жүсіпбек қожа сынды ақынның өмірі мен шығармашылығы әлі де арнайы кешенді зерттеу нысанына ілікпей, тиісті бағасын да ала алмай келе жатқан жағдайлар да баршылық. Осы зерттеу сол олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған қадамдардың бірі деп түсініп, оның жекелеген шығармаларының бірінен бастаған жөн көрінеді. Өзге туындыларынан көрі, оның үстіне, оның қазақ әдебиетінде алғашқы болып, жекедара жырлаған: «Қисса Жүсіп аләйһиссалам илан Зылиханың мәселесі» (әрі қарай – «Жүсіп-Зылиха») – атты туындысын бастап, саралап көру орынды көрінеді. Себебі,

«Жүсіп-Зылиха» сюжеттерінің тамыры есте жоқ ескі заман мифтері мен аңыздарынан бастау алып, Тәурат, Інжіл, Құранда баяндалып, X-XI ғасырлардан бастап – XX ғасырдың басына дейінгі аралықта шығыс әдебиетінде назира дәстүрі аясында үнемі жырланып келіп, біздің заманның да бірқатар әдеби туындыларының пайда болуына арқау болып, кең таралған әлемдік сюжеттердің бірі.

Белгілі зерттеуші В.М. Жирмунский «Жүсіп-Зылиха» тақырыбы жайлы: «Таяу және Орта Шығыс ортағасырлық әдебиетінде мұндай шығармашылық өңдеулер немесе «романтикалық» эпос туындыларына жататын шығармалардың аудармалары «назира» («өткеннің сарыны» немесе «жауап») деген атаумен аталды. «Ләйлә-Мәжнүн», «Хосроу-Шырын», «Жүсіп-Зылиха» сынды сюжеттер XII ғасырдан XIX ғасырға дейін көптеген парсылық өңдеулерде ғана емес, түркі тілдеріндегі шығармашылық аудармаларының болу жағдаяты, бұл құбылыстың феодалдық қоғам әдебиетінде тарихи-типологиялық заңдылық екенін де аңғартады» (Жирмунский, 1979: 140), – деген пікірі бар.

Ал түркімен әдебиеттанушысы Гелды Назаровтың есебі бойынша, Жүсіп (ғ.с.) пайғамбардың өмірбаянына байланысты туындылар, орта ғасырлардан бастап XX ғасырға дейінгі аралығында 117 шығыс шайырларының шығармашылығына арқау болып, оның ішінде 45 түркі тілінде жазылғанын айтады (Ахунов, 2002: 29).

«Жүсіп-Зылиха» тақырыбы, қазақ әдебиеттанушыларының арасында Шәмшиябану Сәтбаеваның «Казахская литература и восток» – атты еңбегінде қарастырылғаны белгілі. Ол да кітаби-ақындардың шығыстық эпикалық мәдениетті игеріп, шығыс халықтарының туындыларындағы тақырыптары мен сюжеттерін «назира» рухында қайта жырлағанын айтады (Сәтбаева, 1982: 8).



*Жүсіпбек Шайхисламұлы
Zhusipbek Shaiykhislamuly*

Келесіде зерттеуші, Құран мен Інжілде шамалы айырмашылықтары болғанымен, Жүсіп пайғамбар өмірбаянына байланысты сюжеттер түркі халықтарында: Құл Ғали (XIII), Дүрбек пен Абдулмажид Сули Факих (XVI) сынды шайырлардың қаламына ертеден ақ іліккен туынды екенін, ал Құл Ғалидың «Қисса-и Жүсіп» туындысы түркі халықтарының ішіндегі алғашқы толыққанды әдеби шығармалар қатарына жататынын да аңғартты. Ш. Сәтбаева: «Бұл әпсана-хикаяның қазақ халқында да өз нұсқасы бар. «Жүсіп-Зылиха» сюжетіне дастан да шығарылды. Оны хатқа түсіріп, өңдеген Жүсіпбек Шайыхулисламов. Дастан 1893, 1901, 1904, 1907 жж. жекеменшік баспаларда басылып шыққан. Кейінгі уақытта «Жүсіп-Зылиха» «Ғашық-нама» жинағында жарияланды» (Сәтбаева, 1982: 93), – деп осы туындыға қазақ дүниетанымы тұрғысынан параллельдер өткізе отырып, біршама талдау жасайды. Ол өз зерттеуінде Үшкітай Субханбердина кирилл әріптеріне 1976 жылы түсіріп, «Ғашық-наме» жинағында жарияланған Жүсіпбек қожаның «Жүсіп-Зылиха» нұсқасын пайдаланған еді. Бұл жинақ, 1994 жылы «Ғашықтық дастандар» – деген атаумен қайта жарияланған болатын. Кейінгі, 1994 жылғы басылымдағы алғысөзінде, Ү. Субханбердина 1918 жылы Қазан қаласында басылып шыққан басылымының берілгенін айтады. 1976, 1994 жылғы басылымдарында кеткен кемшіліктер мен олқылықтар түзетіліп, 2005 жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» сериясының он сегізінші томында жарияланып, ал томға енген мәтіндерге берілген түсініктемеде алдыңғы жарияланған кітаптардағы мәтіндердің қателіктері талданып, оларға қысқа және мазмұнды талдау жасалған (Бабалар сөзі, 2005: 317-324). Осы түсініктемеде: «Жүсіпбек нұсқасының сюжеті Құл Ғали мен Ансари нұсқасына жақындағы, оның ішінде Құл Ғалидың «Қисса-и Жүсіп» шығармасына өте жақын» (Бабалар сөзі, 2005: 319) – деген Алма Қыраубаеваның пікіріне сілтеме жасалады. Советтік кезеңде, фольклорлық туынды ретінде берілген Жүсіпбек қожа нұсқасы, «Бабалар сөзі» басылымда да толыққанды фольклорлық шығарма ретінде беріліп, ілгергі кемшіліктер мен олқылықтар түзеліп, мәтін барынша дәлдікпен, толық берілген.

Зерттеу барысында Жүсіпбек қожаның «Жүсіп-Зылиха» нұсқасы 1913 жылы Қазан

университетінің баспасында тағы да басылым көргені белгілі болды. Осыны ескеретін болсақ, осы туынды Жүсіпбек Шайхисламұлының тірі кезінің өзінде-ақ, автордың атымен алты басылым көргенін аңғартады.

Ал енді, Жүсіпбек қожа жырлаған «Жүсіп-Зылиха» нұсқасын талдауға кірісер алды, осы туындының фабуласының қысқа баянын көріп алған жөн сияқты.

Жүсіпбек қожа нұсқасы шығыс әдебиетіне тән дәстүрлі кіріспеден басталады. Мұнда пайғамбарларға, сахабаларға, мазғап имамына мадақтар мен шығарманы жазу себептерін, бас кейіпкердің ата-бабасы мен тууы туралы мағлұматтар берген соң ғана, шығарманың баяндауына кіріседі.

Шығарма он бір жасар Жүсіптің әкесі – Жақып пайғамбардың тізесіне басын қойып ұйықтап жатып, керемет түс көріп оянысымен көрген түсін әкесіне жорытуынан басталады. Шығармада ол былай беріледі:

Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала:
Инни раай-ту ахада ашара каукабан уашшамса
уал ңамара раайтуһум ли сәжидина:

– Әй, ата, түсімде толған ай мен
бір күн көрдім,
Он бір жұлдыз қасында бірге көрдім.
Он бір жұлдыз ол айға сәжде қылды,
Тағбирін, ата, сізден сұрай келдім.

Қаулаһу Тағала қала: – Йа, бунаййа, лә тақсус
руйака ала ихуатика файакиду ләка кайдан.

– Әй, ұғылым, бұл түсіңіз – мүбәрак түс,
Құдайым берер сізге нығмет уа күш.
Саған гиззат уа рифғат қылар Сұбхан,
Нешкімге бұ түсіңді айтпағыл неш, –

деп, әсіресе бірге туған бауырларына айтпауды әмір етеді. Алайда осы әңгімені естіп қойған төрт жасар Дина қарындасы, бұны ағаларына айтып қояды. Сөздің шындығын тексеру үшін, олар Жүсіпті шақырып алып, түсі жайлы одан қайта-қайта қоймай сұрай беріп, ақыры оның өз аузынан барлық мән-жайды толық біліп алады. Бұл әңгіме, онсыз да інілерін әкелерінен қатты қызғанып жүрген ағаларының қызғаныш сезімдерін одан әрі лаулата түседі. Енді олар Жүсіпті өлтіруге бел буады. Осы әрекеттерін жүзеге асыру үшін, олар інісін әкесінен серуендетеміз деп алдап сұрап алып, сыртқа



алып шыққан соң, таса жерде оны өлтірмекші болады. Осы арада жайсыз түс көрген Жақып әкелері, Жүсіпті ағалары қалай сұраса да оны олармен жібермей қояды. Ақыры олар, әкелеріне алдап-сулап Жүсіптің өзін салады. Ақырында әкесі, тәуекелге бел буып, Жүсіпті ағаларымен ертіп серуенте жібереді. Қоныстарынан қыр асып, едәуір алыстаған соң ағалары әй-шайсыз Жүсіпті жабылып сабауға кіріседі, оған түрлі азаптар көрсетіп, ақыры өлтірмекші болған кездерінде, Яхуда ағасы жанашырлық танытып, араға түседі. Ол өз бауырларын, Жүсіптің қанын мойындарына жүктемей, тірі қалдырып, киімін шешіп алып, өздері білетін елсіз жердегі Ғад құдығына тастауға көндіреді. Істерін тындырып үйлеріне оралған ағалары, әкелеріне: Жүсіпті қасқыр жеп қойды деп өтірік айтып, қанға боялған көйлегін көрсетеді.

Осы аралықта, тырдай жалаңаш құдыққа тасталған Жүсіпке Жаратушының назары түседі. Осы сәттен бастап оны Жәбірейіл періште өз қамқорлығына алып, құдық ішін жаннати бір жайға айналдырып, оған пайғамбарлықты сүйіншілейді. Біраздан соң, осы құдыққа түс көріп өз олжасын іздеп жүрген Мысырлық саудагер Мәлік Дұғар кезігіп, Жүсіпті Ғад құдығынан алып шығады. Құдықты сыртынан бақылап жүрген ағалары жетіп келіп, Жүсіп біздің қашып жүрген құлымыз деп, саудагерге он сегіз-ақ бақырға сатып жібереді.

Мұратына жеткен саудагер Мысырға қайтар жолында бірнеше елдер арқылы өтіп, көптеген халықтарды Жүсіптің көркі мен кереметтеріне қанықтырады. Мәлік Дұғардың әкеле жатқан құлы жайлы алдын-ала естіген Мысыр жұрты, оны көруге ынтызар болып жүреді. Мысырдың бас қаласына кірер алды, Жүсіпті Ніл өзеніне шомылдырады. Мұнда да ол бас балықпен кездесіп, одан бата сұрап алады. Соңыра бас қаланың барлық жұрты Жүсіп келген керуенті көшелеріне сыңсып тұрып күтіп алып, керемет құлды тамашалайды. Сол күннен бастап барлық қала жұрты, одан қалды Мысыр жұрты, ерекше сұлу, керемет құлды көру үшін кезекке тұрып, ақшаларын төлеп, көрген сайын тағы да келіп көруге ынтызар болып жатады.

Осы кезінен бастап туынды сюжеті Зылиха жайлы баянға көшеді. Зылиха – Таймус атты Мағрип патшасының сұлу, ештеңеден мұқтажсыз сүйікті қызы еді. Бір күні ол түс көріп, түсіне кірген жігітке ессіз ғашық болады.

Ғашықтық оны сал төсек дертке ұшыратады. Арасына жыл салып, ғашық болған жігітін екінші рет, тағы бір жыл сала үшінші рет көрген кезінде ол жігіттен жөн сұрап, оның Мысыр әзизи (патшасы) екенін біледі. Осы жайды әкесіне айтып, әкесі Мысыр әзизіне құдалық сөйлесіп, мың-мыңдаған мал-мүлікке, құлдарын ертіп Зылиханы соған ұзатып жібереді. Ұзатылып келген Зылиха болашақ күйеуін көрген кезде ол түсінде көрген әзизи емес, мүлдем басқа кісі болып шыққанын көріп есінен танады. Алайда ес жиған соң, сабырға келіп, тағдырдың салған ісіне тәуекел қылып, Кытфир атты осы азизбен тұрмыс құрады. Содан осы Кытфир азизбен жеті жыл некеде бірге тұрған Зылиха, Құдайдың құдіретімен, күйеуімен төсекте бір де бір рет қауышпайды.

Күндердің бір күнінде, Мәлік Дұғар атты бір саудагер ерен сұлу құл әкеліпті, оны елге ақысына көрсетіп, оның сұлулығы мен кереметтеріне елді әбден табындырған ол, енді оны сатпақшы екен деп естиді. Енді осы сауда туралы естіген Зылиха күйеуіне айтып, сол сауданы бірге тамашаламақшы болады. Сауданы көруге барысымен құлды көрген Зылиха баяғыда түсіне кірген жігітті жазбай танып, таңқалғаннан талып қалады. Оны бірге көрген күйеуі де қоса талады. Енді құлға деген ықыласы ауған күйеуі – Кытфир азиз оны сатып алу үшін саудаға араласып кетеді. Ол өзінің қолында бар барлық қазынаны таразыға салса да, таразы басы еңкейе қоймайды. Алайда, осынша мол қазынаны көрген саудагер барына қанағат тұтып, сатып жібереді. Жүсіпті сатып жіберген саудагер, саудадан соң ғана оның сырын біліп, өкініп қалады. Ол да Нілде кездескен балықтан ұрпақтан мұқтаждығын айтып, бата сұрап алып жиырма төрт ұлды болады.

Жүсіпті сатып алған Кытфир азиз, оны өз ұлындай ұстауды әмір етеді. Онсыз да оған ғашық болып жүрген Зылиха, жас құлына елден ерекше күтім жасап, құрмет көрсетеді. Содан бірнеше жыл өтіп, Жүсіп ер жетеді. Енді Зылиханың ойы бұзылып, онымен төсек жақындастырғысы келеді. Бұл мұратына жету үшін ол сарайға дейін салдырып, оны азғыруға кіріседі. Алайда Жүсіп, небір азғыруларға көнбей, таза арын сақтап қалады. Осы әрекеттері үшін Зылиха, күйеуінен сөгіс те естиді. Көптің сөзіне де қалады. Ақыры ол өзін ақтап алу үшін, қаланың ең беделді деген әйелдерін



шақырып, оларға ас бергізеді. Ас үстінде қонақтарына Жүсіпті көрсетер алды олардың бір қолдарына сәбіз, ал екінші қолдарына пышақ ұстатады. Жүсіпті көрген қатындардың естері шығып, сол сәтте олар сәбіздерімен қоса өз қолдарын да кескілеп, турап тастайды. Бір жағы бұл оқиға Зылиханы ақтағанымен, осыны көрген жұрт өз қатындары үшін Жүсіптен қауіп көреді. Осы арада Кытфир азиз де қайтыс болып, оның бауыры Риян патша болады. Енді Зылиха, Риян патшаға қолдарын кескілеп тастаған қатындармен бірге шағымданып, оны жазалауын сұрайды. Онсыз да арын сақтау үшін зынданды тілеп жүрген Жүсіп, зынданға түсіп Зылиханың азғыруынан құтылады. Бұл жерде ол өзінің адалдығының арқасында мұндағы жұрттың арасында зор беделге ие болады.

Зындандағы күндерінің бірінде, Жүсіп жатқан зынданға түскен екі иемендік күдікті түстерін жорытады. Оның жоруы бойынша бірінің басы алынып, ал екіншісі патшаның уәзірі болып шыға келеді. Осы арадан біраз жыл өткен соң, патша түс көріп, оны ешкім жори алмай қояды. Осыны көрген әлгі уәзірдің есіне баяғы зындандағы Жүсіп түседі. Ол Жүсіп жайлы патшаға айтады. Патша түсін жору Жүсіпке әмір етілсе де, ол баяғы қатындардың ісі қайта тергеліп, соты оң шешімін тауып ақталып шықпағанша, патша түсін жори қоймайды. Ол толық ақталып шыққан соң ғана патша түсін жориды. Жүсіп, жеті жыл молшылық жылы, соңыра жеті жыл қуаңшылық болатынын айтып, жеті жыл астық жиюды, ал кейінгі жеті жылда соны азық қылу керектігін айтады. Жүсіптің ақылы мен көркіне тәнті болған Риян патша оны бас уәзір етіп, барлық билікті оның қолына беріп, осы шаруаларды өзіне басқаруды жүктейді. Соңыра ол, өз ақылы мен кереметтері арқылы Мысыр халқын ашаршылықтан аман сақтап қалады. Осындай кереметтерді көрген Риян патша, Жүсіпке тағын береді.

Осы аралықта күйеуі өлген Зылиха баяғы ғашығы Жүсіптің жолында баз кешіп кетеді. Ол әбден жүдеп-жадап, жылай-жылай көр соқыр болып, байғұсқа айналып, түбі бір құдайға сенетін мұсылман болып қалады. Күндердің күнінде, Жүсіптің жолын тосқан Зылиха ақыры онымен кездеседі. Оны Жүсіп бірден тани қоймайды, әбден жүдеп-жадап, қартайып, соқыр болған қалын көрген ол оған аяныш танытады. Осы арада оған Алладан әмір келіп, үйленбекші болады. Осы сәтте, Алла-Тағала

Жәбірейіл періштесін жіберіп, Зылиханы бұрынғы қалпына келтіріп, сүйгендер үйленіп, той жасап, Зылиха мен Жүсіп мұратына жетеді. Екеуінің некесінен он екі ұл туады.

Жылдар өте, Жүсіптің ата жұрты да ашаршылыққа ұшырайды. Осы жағдай Жүсіптің ағаларының Мысырға келіп азық алуына себеп болады. Мұнда олар Жүсіппен жолығады. Алайда Жүсіп оларға кім екенін білдіртпей, қажетін ақысыз өтеп, екінші келулеріне қарай, Ибн Иамин бауырларын ертіп әкелулерін бұйырады. Ибн Иамин келіп қайтқан кезде, оның жүгінің ішіне өзінің бір алтын шарасын салып жіберіп, ұрлады деп жала жауып, бауырын алып қалады. Осы себептен Жақып пайғамбар Мысыр патшасына хат жазып, екеуара жазысқан хаттарды ағалары арқылы алысып отырады. Үшінші хат алып келулеріне орай, олардың қылған опасыздықтарын естеріне салып, мойындатып, соңында кешіреді. Осы аралықта Жүсіп, Жақып әкесі баяғыда бір сәбиді күң анасынан айырып, құлдыққа сатып жіберген Бәшір деген құлды тауып, сатып алады. Осы ісі үшін Жақып, күң қатынның көз жасына қалып, оның да баласы құлдыққа сатылуына себеп болады. Енді Жүсіп, Бәшірді азат етіп, одан өз көйлегін әкесіне апаруды бұйырады. Бәшір Жақып ауылына жеткенде анасымен табысады. Соңыра Жақыпқа Жүсіптің де көйлегін апарып береді. Жүсіп баласын жоқтап, жылай-жылай көр соқыр болған көздері, Жүсіптің көйлек иісінен көздері қайта көріп, баласының тірі екенін біледі. Ізінше Жүсіптің ағалары елге оралып, Жақып әкелерін алып Мысырға аттанады. Мұнда жетпіс жыл дегенде әкесімен табысқан Жүсіп, ата-анасы мен бауырларына зор құрмет көрсетеді. Осында біраз жыл тұрған әкесі, Алланың әмірімен еліне қайтып, көп ұзамай дүние салады. Біраз жыл өте, Зылиха қайтыс болады, одан кейін барып Жүсіп те бақиға аттанады. Жүсіпті бір төбе басына жерлейді де, соңыра мүрдесін Нилдің бір аралында теректерден тау үйіп биігіне сөрелеп қояды. Жүсіп өлген соң ел мұсылманшылығын ұмытып, бейберекеттікке ұшырайды. Осы арада қырық жыл өткен соң, Мұса пайғамбар Жүсіп мүрдесін тауып алып, ата жұртына апарып, бабалар қорымына жерлепті, деп шығарма аяқталады.

Осы фабула шығарманың барлық қырсыры мен маңызды детальдарын толықтай қамти алды деуден аулақпыз. Сондықтан



туынды сюжетіндегі оқиғаларды бірін-біріне жалғап, ішіндегі һәрекеттердің бағыт-бағдарын айқындайтын арна – мотивтерге үңіліп көрейік. Әдеби мотив шығарманың жылжытушы күші, оның өзегі көп қабат мотивтер арқылы құралады. Мотивтер шығарма бойында тоғысып, дамуын тауып, қайшылықтарға ұшырап, сюжеттің логикалық шешімін реттеп отырады. Мотивтерге үңілу, оларды талдау, туынды сюжетіндегі болмашы детальдардың міндеттеріне дейін аңғаруға, оны тереңірек талдауға, көлеңкелі тұстарына жарық түсіруге мүмкіндік береді.

«Жүсіп-Зылиха» өзегі үнемі «аян берілетін түс көру» мотиві арқылы бағытталып отырады. Осы мотивті тап осы туындыда жиі кездесетін мотивтердің бірі ғана емес – лейтмотиві деуге болады. Құрандағы «Жүсіп» сүресінен бастау алатын, шығыс әдебиетіндегі «Жүсіп-Зылиха» жырларының барлық нұсқалары дәстүрлі кіріспесінен кейінгі оқиғасы Жүсіпке аян берілетін түсінен басталады. Дін тарихы бізге, дүниеге жіберілген әр пайғамбардың атқаратын белгілі бір миссиясы болғанын аңғартады. Пайғамбарлар тек хақ дінді үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар адам өміріне пайдасы бар бір кәсіпті немесе білмей жүрген тылсымдардың сырларын ашып беріп отырады. Олардың өмірбаяндарының ішінде Жүсіп пайғамбардың өмірбаяны түс мотивтерімен тығыз байланыста баяндалып, оладамзатқа – түс көру тылсымының сырлары мен құпияларын ашып беруші ретінде көрсетіледі. Осыған байланысты қазақта: «Жүсіп пайғамбардың (түс) көруі, Жақып пайғамбардың (түсті) жоруы болсын!» - деген, түс көруші кісінің түсін жорығаннан кейін берілетін, мәтелге айналған батасы да бар. Сонымен қатар түс көру мотиві дүниежүзі әдебиеті мен фольклорында, оның ішінде шығыстың майталмандары Фирдоуси мен Низами бастап, Жами мен Науаилер сынды барлық ақын-жазушылардың көлемді туындыларының барлығында негізгі көркем құрал ретінде қолданылып, сюжеттің шырайын кіргізіп отырады. Осы орайда, әлем әдебиетінің эстетикасында, түс көруден басталып, соңыра сол түстің жорылуы бірте-бірте шығарма бойында баяндала келіп, көркемдік тұрғыдан ең көркем, ең тартымды, ең ұтқыр шығармалар ретінде танылған. Жүсіптің «аян берілетін түс көру» мотиві өз атына тағы бірнеше мотивтердің жүзеге асуына түрткі болып отырады.

Шығармада, жоғарыда келтіргендей, Құранда берілген түс мотивінен цитаталар келтіріледі және Жүсіп пайғамбардың керемет түсі туралы біліп қойған: «Жүсіптің артықшылығын қызғанып жүрген ағаларының қызғанышын, оның түсі туралы әңгіме қоздыра түсуі «бауырларының қызғаныш» мотивіне ұласса, ал одан әрі «бауырларына қастандық жасау» мотивіне ұласып жатады. Құл Ғали мен Жүсіпбек қожа нұсқаларында: түс мотиві шығарма оқиғасының барлық өзекті жерлерінде шешуші міндет атқарады. «Жүсіп-Зылиха» қиссасында «аян берілетін түс көру» мотивтерінен туындайтын келесі мотивтер бар: «Жақып пайғамбардың түсінде бағып жүрген қозыларының біреуінің жоғалуы» мен «Дина қарындасының түсінде бір қозыны он қасқырдың талауы», өз атына «келетін қатерден қауіптену» мотивіне ұласып жатады.

Мысырлық Мәлік Дұғар саудагердің Гад құдығына келіп тоқтауы да кездейсоқтық емес, ол да түс көріп, түсінде «құдық ішінен күннің көкке көтерілгенін көріп», ол түсін жорытқан соң, олжасын Хаанан құдықтарынан іздеу үшін аттануы «олжа іздеу» мотивіне ұласады.

Мысырдан қашық жатқан Мағрип патшасы Таймустың қызы Зылиханың түсіне кірген жігітке ғашық болуы «болашақ жарын түсінде көру» мотиві ретінде беріледі. Оның үстіне Зылиха бір емес, үш түс көріп, үшінші рет көрген түсінен жан жарының Мысырдың әзизи екенін аян арқылы біліп, Мысырға хабаршылар жұмсап, құдалық сөйлестіріп, соңыра осында ұзатылып келуі «ғашығын іздеу» мотивіне ұласады.

Жүсіптің қасына зынданға түскен екі иемендік күдіктінің түс көріп, соңыра олардың көрген түстерін Жүсіптің жорып беруі, ізінше олардың тағдырлары Жүсіптің жорығанындай: бірі патшаның уәзірі болып, ал екіншісінің басын алуы, Жүсіп тек түс көруші ғана емес, түс жорушы да болғанын аңғартады. Ол да, әкесі Жақып сияқты түс жоруды меңгергенін аңғартады. Осы орайда, шығарма бойында бірнеше «түс жору» мотивтері орын алып, олар: шығарма басында Жақыптың баласының түсін жоруы; Мәлік Дұғардың қахинге (балгер, түс жорушы) түс жорытуы; Жүсіптің екі иемендік күдіктілердің түстері мен Риян патшаның түсін жоруы болып жалғасын тауып жатады. Жүсіптің алғашқы түсті жоруы, оны зынданнан босап шығуына себеп болса, екінші

рет Риян патшаның түсін жоруы, халықты ашаршылықтан аман сақтап, пайғамбардың құтқарушы миссиясын атқартып, «құтқарушы пайғамбар миссиясы» мотиві ретінде үйлесімін тауып жатады. Бұл жерде ашаршылықтан құтқарып қана қоймай, патшасынан бастап барлық халықтың иманын да ұйытып, оларға мұсылман дінін қабылдатқызып, кәпірлік кесапатынан да құтқарып, осы елге берекет дарытады.

Түс табиғатын эпистемиологиялық тұрғыдан зерттеуші И.А. Бескова: «Біздің дәуірге дейінгі 4000-2000 жылдар аралығында, Мысыр перғауындарының түстері ерекше құрметтеліп, олардың көрген түстері құдайлардың қалауын білдіреді деп, олар көрген түстерге аса маңыздылық танытқан» (Бескова, 2005: 18) – деп, тарихи-хронологиялық тұрғыдан, Жүсіп пайғамбар өмір сүрген дәуірлермен сабақтастырып береді.

Ал, «Жүсіп пайғамбар қай уақытта өмір сүрді?» – дейтін болсаңыз, поляк зерттеушісі Зенон Косидовский өзінің Інжіл баяндары» (Библиейские сказания) атты зерттеуінде, XX ғасырдың тарихи, археологиялық және текстологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, Інжілде баяндалатын оқиғалар мен географияларды салыстыру арқылы пайғамбарлардың шынайы өмірде болған тарихи тұлғалар екенін көрсетіп береді. Сөйтіп ол, Жүсіп пайғамбардың Мысырда өмір сүрген кезін біздің дәуірімізге дейінгі 1730 және 1580 жылдар аралығында осы елді азиялық геокостар тайпасы билеген кезеңге жатқызады. Тарихи деректер бойынша семит тайпалары осы кезеңде Мысырға белсенді көшіп келген екен (Косидовский, 1978: 100-108).

Жоғарыда келтірілгендей, Құрандағы Жүсіп сүресінде, Жақып пен Жүсіп пайғамбарлардан баса ешкімнің аты аталмайды, тек сюжеті ғана бар. Ал Інжілде біз қарастырған «Жүсіп-Зылиха» нұсқаларында аталатын кейіпкерлердің барлығының есімдері де, сюжетінің сұлбасы да ұқсас болып келеді. Құран мен Інжіл діни кітаптар болған соң, мұнда пайғамбарлардың өмірбаяны тек діни тұрғыдан беріліп отырады. Алайда екі кітапта да, Жүсіпті азғырғанымен мұратына жете алмай, кектеніп, жала жапқан уәзір әйелі туралы оқиға баяндалады. Әдебиеттегі «Жүсіп-Зылиха» туындыларының барлық нұсқалары пайғамбардың өмірбаянынан көрі ғашықтық дастан жанрына

әлдеқайда жақын, ал Жүсіпбек қожа нұсқасы ғашықтық дастан жанрына толықтай жатқызылады. Жүсіпбек қожа нұсқасы Құл Ғали нұсқасының ізімен жүргенімен де, Құл Ғали нұсқасында ғашықтықтан көрі өмірбаян мәселесіне көбірек басымдылық беріледі.

Осы орайда, ғашықтық мотивтерге үңілмес бұрын Жүсіпбек қожа нұсқасы мен Құл Ғали нұсқаларының ұқсастықтарына назар аударып алайық.

Құл Ғали нұсқасы мен Жүсіпбек қожа нұсқаларының атауларында ғана айырмашылық болғанымен, олардың композициялық құрылымы мен сюжеттер жүйесінде қатты өзгеріс байқалмайды. Құл Ғали мәтіні 4507 өлең жолын құраса, Жүсіпбек қожа мәтіні 4676 жолды құрайды.

Зерттеушілердің Жүсіпбек қожа мәтіні Құл Ғали нұсқасына жақын деп айтуының жаны бар. Себебі, Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанның аймағын толық жаулап, колонияға айналдыруы, қазақ пен татар қарым-қатынасының қайтадан жандануына да бірден-бір себеп болды. Сол кездегі татарлар, Ресей аймағындағы түркі халықтарының ішінде алғашқылардың қатарында баспа ісін игерді. Олардың, Қазан, Уфа, Троицк баспаларынан шыққан алғашқыда татар тіліндегі басылымдарымен қатар, қазақ пен өзге бауырлас түркі халықтардың алғашқы кітаптары басылып, бүкіл түркі мұсылман халықтардың арасында кеңінен таралып жатты. Татар миссионер молдалары арқылы Құл Ғалидың «Қисса-и Жүсібі» де қазақ арасында кеңінен танылды. Осы орайда, Жүсіпбек қожаның:

Өлең қылып аударған бұ кітапты,

Жүсіпбекті, иә, Алла, өзің оңла (Жирмунский, 1979: 11), – деген шумақтары, Жүсіпбек қожаны тек жыршы ғана емес, аудармашы, жыршы-автор ретінде де көрсетеді. Ол туындыны өзге бір кітаби, авторлық немесе авторы белгісіз нұсқалардың бірінен аударылғанын айтады. Егер Жүсіпбек қожа бұл нұсқаны халық арасында жырланып жүрген нұсқалардың бірінен хатқа түсірген болса, онда ол өз атын жазушы, аудармашы, жыршы-автор ретінде көрсетпеген болар еді. Осы орайда, оның қолына көптеген татар нұсқаларының бірі түсіп, соңыра оны шығыс дәстүрінде, қазақ оқырманы үшін түсінікті етіп қайта жырлағаны, жыршы-автордың



осы шығарманы жазу мотивін толыққанды аңғартады. Құл Ғали нұсқасы мен Жүсіпбек нұсқасын кіріспесінен бастап салыстырған кезіңізде, бірден көзге түсетін жағдай ол – екі туындының да фабулаларының бір-біріне қатты жақындығы. Сонымен қатар әр автордың бір сюжет бойындағы оқиғаларды баяндауы мен тілі жағынан айырмашылықтары да анық аңғарылады.

Құл Ғали нұсқасы кіріспесінің алғашқы шумақтары:

*Мактау, шөкер, дан булсын: ул бар өз бәргә,
мөлке бетми торған даим ул мәуляга,
мөлкәтендә мохтажы юк шәрикләргә –
аны мәнге бөөк хужа дии белдек инде* (Казан утлары, 1988: 4), – деп, бірден Жаратушыға мадақ айтумен басталып, одан әрі Мұхаммет (с.ғ.с.) пайғамбарды, оның төрт шәдиярына, Хасан мен Хұсейн немерелері мен Сәбит ұлы Нұғманға (Имам Абу Ханифа) қасиетті сипаттарын дәріптеу мен мақтаулар айтса, Жүсіпбек қожа:

*Бастаймын «бисмилла» деп Тәңірім атын,
Жақсылар, айып етпе жазған хатым.
Құдайым һәм пайғамбардан сөз бастасам,
Қалай теріс болады насихатым* (Жирмунский, 1979: 9), – деп, авторға тән баяндаудан бастап, әсіресе осы шумақтың екінші жолынан бастап, бұл шығарма жазылғандығын, төртінші жолында насихат мақсатында екенін аңғартады. Келесі, он үшінші жолдарында:

*Атасы Жақып нәби сушы болған,
Жәбірейіл оларға елші болған.
Бабасы – Халилolla Ысқаң нәби,
Болады расул Алла тап солардан* (Жирмунский, 1979: 9), – дей келе мадақ пен салауатқа бірден кіріседі. Жүсіпбек қожаның мадағы мазмұны жағынан Құл Ғали ізін қайталаған болып көрінгенімен, Пайғамбардың, сахабалары мен немерелерінің сипаттарын тікелей аударып қана қоймай, олардың есімдерін толық айтып, әлдеқайда басқа өрнектермен, қазақтың дәстүрлі 11 буынды қара өлеңімен өріп, толымды жырлауға ұмтылады. Құл Ғалидің нұсқасында авторлық аңдатпа мен мінажаттары қырық бесінші жолдан, жетпісінші жолға дейінгі аралығында өз атын атамай, арасында тек:

*Сиңа, тәңрем, сыенамын мин бир зәғыйфь,
тәуфыйк өмет итәм синнам мин бир шәех*
(Шидфар, 1974: 5), –

деп өз есімін ашық атамай, бір зағип һәм – шейх екенін, яғни тарихат иесі, пір, сопылық жолдың ұстазы екенін айды. Ол өз атын тек шығарма соңында бір-ақ рет атайды:

*Моны язған зәғыйфь бәндә Ғали атлы,
егерме дүрт ижеккәул салып юлны* (Шидфар, 1974: 90).

Жүсіпбек қожа жоғарыда екі рет келтіреді, аты мен жазу мотивін аңғартып қана қоймайды, әрі қарай:

*Раст қисса бұ сөзім өңге сөзден,
Қаламда, кітаптарда көрдім көзбен.
Тыңлаған жан көз жасын тия алмайды,
Болмаса шын-расы діннен безген* (Жирмунский, 1979: 11), – деп, бұл қисса мәтінімен кітаптар арқылы танысқанын және бұл шығарма ерекше толғанысты деп айтып, шығарманы халық арасынан емес, бір кітап емес бірнеше кітаптардағы деректер арқылы танысқанын айтады.

Шығарманың дәстүрлі кіріспесін аяқтап, Құл Ғали мәтіні негізгі бөлігіне:

*Коръәнгә дә шиксез аның киргәнлеге,
ошбу қыйсса икәнлеге мәғблұм инде* Шидфар, 1974: 5), – деп шығарма сюжетін баяндауға бірден кірісіп кетсе, Жүсіпбек қожа да Құрандағы Жүсіп сүресінің аяттарын келтіріп отырады. Бұл Жүсіпбек қожаның өз атына, шығарма бойына кіргізілген жаңалығы, себебі көптеген қиссаларда құран сюжетін жырлағанымен тікелей цитата келтіре қоймайды. Онымен қатар фольклорлық шығармаларда цитата келтіру үрдісі мүлдем жоқ, бұл тек әдебиетке тән құбылыс, ал оның ішінде жыр нұсқасы жырланатын асыл тілінен өзге тілдерде жырлап кету мүлдем жоқ нәрсе.

Осы орайда түс көру мотивімен қатар жүретін мотив ол – «ғашықтық» мотиві. «Ғашықтық» мотиві бірнеше қырынан көрінеді.

Бірінші және негізгі «ғашықтық», ол: Зылиханың Жүсіпке ғашықтығы, басында түс арқылы басталып, бірден патологиялық сипатта күшейіп, Жүсіппен табысқаннан кейін үдей түсіп, жауапсыз махаббатқа ұшырайды. Құл

Ғали мен Жүсіпбек қожа интерпретациялары бойынша Зылиханың ғашықтығы құмарлық сипатқа, жан қалауы мен тән қалауының арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Құл Ғали нұсқасы Фирдоуси нұсқасынан аударылып назираланған нұсқа деп айтылады. Фирдоуси «Жүсіп-Зылиха» дастанын әдебиетте ең бірінші жырлаушы ретінде танылады. Ал сол классикалық парсы әдебиетінде ең үздік «Жүсіп-Зылиханың» нұсқасы ретінде Абдурахман Жами нұсқасы танылады. Жами нұсқасында, өзге мотивтерден көрі «ғашықтық» мотивке басымдылық беріледі. Онда Зылиханың ғашықтығы сопылық дүниетаным аясынан өрбіп, аллегориялық сипатта дамуын табады. Зылиханың ғашықтығы ынтызарлықтан басталып, құмарлықтан өтіп, мәджузи (яғни Аллаһ разылығы үшін риясыз

ғашық болу) дәрежесіне, яғни абсолюттікке ие болады. Дегенде Жүсіпбек қожа Зылиханың ғашықтығының шарықтау шыңына жетуі, XIX ғасырда қазақ әдебиеті мен фольклорында қалыптасқан эстетикалық талғам тұрғысынан береді, мысалы:

Жігіттік қызығынан неге қаштың?
 Мен саған қанат жайып, қойнымды аштым,
 Жігіттікте бір қызық көрмеген соң,
 Бекер-ақ өткені ме есіл жастың?!

(Жирмунский, 1979: 83] – деп, қазақ музыкасы мен поэзиясының алтын ғасыры болып саналатын, XIX ғасырдың соңында өмір сүрген Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай және т.б. қазақтың ақын-композиторлары мен халық әндерінің мәтіндеріндегі эротикалық мотивтермен ұқсасып жатады.



Жүсіпбекқожа Шайхисламұлының Қытай Халық Республикасы,Текес ауданындағы Шилі өзек атты жердегі бейіті.
 Құлпытасына: «Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихаттаушы әйгілі ақын – Жүсіпбек Шайхисламұлы 1937-1987» деп жазылған.

Grave ground of Zhusipbek Shaiykhislamuly in Shiely ozek of Tekes region in China People's Republic.

An inscription on a grave: "A famous poet who collected , published and popularized folklore examples".





Екіншіден, «ғашықтық» мотив аясына Жүсіпбек қожа нұсқасында Жақыптың баласы Жүсіпке деген ғашықтығы мен Жүсіптің бауырларына, оның ішінде Ибн Иаминге болған ғашықтығы да кіреді. Аталып өткен Зылиханың ғашықтығы да, Жақыптың ғашықтығы да, Жүсіптің ғашықтығы да екі жақтыққа ие болып, ең соңында барып мәджузи дәрежеге жетеді.

«Жүсіп-Зылиханың» жырланған нұсқаларының барлығында уақыт пен кеңістік шешуші роль атқарады. Кейіпкерлердің әрекеттері белгілі географиялық атаулар мен белгілі уақыт аясында жүзеге асады. Мысалы, Жүсіпбек қожада:

*Мекені Зылиханың – Магриб елі,
Өлшеуі – Мысыр менен ара жолы,
Поштамен ай жарымда жетер екен,
Жүргенде тоқтамастан күні-түні*

(Жирмунский, 1979: 63), – деген жолдары, Құл Ғалидегідей емес, XIX ғасырда орыс колонистер орнатқан пошта станциялары өлшеміне икемдеп, сол заман кісісі үшін түсінікті етіп береді. Немесе:

*Мәлік Дұғар құстарды көреді енді,
Мылтық алып атпаққа жүреді енді*

(Жирмунский, 1979: 34), – деген жолдары, тек Жүсіпбек қожа нұсқасында бар. Өйткені, Құл Ғали заманында қазіргі ұғымдағы пошта да, мылтық та болған жоқ. Міне осындай детальдар, екі шығарма да қанша бүтін бір сюжет негізінде құрылғанымен, мәтіндерінің баяндалуы тұрғысынан едәуір айырмашылықтары анық көрінеді. Жүсіпбек қожа туындысы өзі өмір сүрген дәуірінің тілі мен түсінігіне әбден икемделіп берілген мәтін. Сонымен қатар, Жүсіпбек қожа айтқандай «аударма» сөзінен көрі: «сол ізбен жаңадан жырлады», «ұқсас қылып жырлады», - деген пікірлерді қолданған әлдеқайда орынды көрінеді. Олай болатын болса, Жүсіпбек қожа нұсқасы Құл Ғали нұсқасына жасалған назира деп айтуға әбден келеді. Онда бұл туынды фольклорлықтан көрі, әдеби сипатқа ие. Өйткені назира әдеби құбылыс, әдеби дәстүр мен әдіс.

Шығарманы талдау барысында осы туындыда тек назира дәстүрінде ғана қолданылатын әдістер қолданылады.

Біріншіден, туынды жай ғана аударма деп айта алмайсың, Құл Ғали нұсқасы түбі

бір ескі түрік тілінде жазылған. Бұл жерде, Жүсіпбек аудармашыдан көрі, замана талабына қарай, түркі халықтары арасында танымал ескі туындының белгілі сюжеті мен оның композициясын сақтай отырып, өлең заңдылығын бұзбай, әбден жетілдіріп, жаңғыртып қайта жырлады десе болады. Себебі, Жүсіпбек қожа мәтіні өз заманында қалыптасқан әдеби-эстетикалық талаптар аясынан табылады. Шығарма бойындағы өлең жолдары, фольклорда қалыптасып, әдебиетке келген 11 буынды «қара өлең» мен 7-9 буынды «жыр өлеңі» ұйқастарымен еркін жырланады. Өлең ұйқасы ең алдымен дауыстап оқуға немесе музыкалық аспаппен қосылып отырып жырлауға барынша икемделіп жазылғаны байқалады. Мысалы, баласынан айырылған күн әйелдің жылап жатып ұйықтаған соң көрген түсінде Жаратушының берген жауабы:

*«Мінәжатың, әй, пендем,
Жеті қат көктем өтеді.
Тілегіңді мен бердім,
Оның да сүйген баласы
Атасынан айырылып,
Көзіңнен жетпіс жас тамды,
Жетпіс жылға кетеді.
Жетпіс жыл тамам біткенше,
Әуелі сенің балаңды
Қосамын сенің өзіңе.
Шығарып көңіл санаңды,
Оны да сендей жылатам,*

Бөліскен көргілі панамды» (Жирмунский, 1979: 147-148), – деген шумақтары асқан аяныш пен жұбаныш сезімдерге толы болып келеді. Осындай өлең ұйқастарының фольклор дәстүріне сай жазылуы, осы туындының фольклорға телінуінің себептерінің бірі болса керек. Алайда бұл жерде әдеби фольклор дәстүріндегі өлең жазу заңдылықтары мен эстетикалық талғамдарымен санасып, оның жетістіктерін пайдаланып, оның аясынан әлі алыстай қоймағанын да аңғартады.

Сонымен қатар, осы үзіндіден уақыт факторын да көруге болады. Шығармада негізгі сюжет жетпіс жыл аралығын қамтиды. Баяндалу барысында Жүсіптің жасы, оқиғалардың арасындағы уақыт көрсетіліп отырады. Бұл да өз тарапынан әдеби тәсілдердің қолданылғанын аңғартады. Жүсіпбек нұсқасы Құл Ғали хронологиясын қаз-қалпында қайталап отырады.

Екіншіден, Жүсіпбек қожа Құл Ғали сюжетін қаншалықты сақтағанымен де, өз тарапынан жаңа мотивтер қосады. Мысалы, Құл Ғали мәтінінде «тәубесіне келтіру мотиві» күнінің ұлы Бәшірді Жақыптың құлдыққа анасын жылатып сатып жібергені үшін, оның баласын да құлдыққа сатылуына душар қылып, бір рет айтылса, Жүсіпбек қожа мәтінінде «тәубаға келтіру» мотиві әлдеқайда кеңейтіледі. Онда «тәубаға келтіру» мотиві туындының ең басында тағы үш рет кездеседі, олар Жүсіптің: «менің он ағам бар, мені қандай жау ала қояр дейсің», – деген күпірінен соң ағаларының дұшпан болып қастандық жасауы; «Мені сататын болса, бағам өте қымбат болатын шығар», – деген ойынан кейін, он сегіз ақ жарма ақшаға (бақыр тиынға) бағаланып сатылуы; «Сірә бүтін дүниеде менен сұлу адам бар дейсің бе?», дегеннен соң оның сұлулығы нұрынан айырылып, керуен жолында одан да сұлу, одан да ақылды, перілер тұратын бір қала жұртының оны елемей, тәубасына келтіріп, тек тәуба қылғаннан соң ғана сұлулығының оған қайтарылуы сынды оқиғалардан көруге болады.

Көптеген түркі халықтарының поэзиясында парсы әдебиетінен келген аруз дәстүрі орнықтағаны белгілі. Оның түркілердің парсылармен тығыз қарым-қатынаста болып, толық отырықшылыққа көшкен өлкелерінде ғана бой көрсетеді. Сондықтан, түркілік дәстүрдегі жырларды назиралаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда өлең өлшемі мен ұйқасу заңдылықтары екінші қатарға өтеді де, керісінше сюжеттегі алғашқы мазмұнды сақтай отырып, өз пікіріңді білдіру маңыздырақ болады. Осы зерттеу аясында тағы да байқалған жәйт, ол Жүсіпбек қожаның Құл Ғали сюжетіне деген құрметін сақтай отырып, сюжеттегі әр оқиғада, мотивте, шағын детальда өз пікірімен, өз түсінігімен, өз заманының тұрғысынан жеткізуі. Бұның барлығы бұл Құл Ғали нұсқасының нағыз назира дәстүрінде Жүсіпбек қожа тарапынан қайта жырлануы деп айтуға негіз бола алады.

«Жүсіп-Зылиха» жыры тек әлемдік емес, түркілік эпикалық дәстүрдің де өзіндік бір белесі деп айтуға болады. Өйткені, бұл жыр араби жазуды игерген, ислами негіздегі барлық түркі халықтарында өзінше жырланды, назира дәстүрінің жауһарына айналды. Осы орайда, қазақ ғалымы, академик Сейіт Қасқабасовтың: «Бұдан, әрине, эпос біткеннің бәрі ұқсас деген

пікір тумауы керек. Ұқсас нәрселер, негізінде, көне заманда туған мотивтер мен сюжеттер. Ал нақты тарихи оқиғалар, сөз жоқ әр елдің өзінікі ғана. Сондықтан олар өзгеше», – деген пікірі назиралаудың тарихи астарын аша түседі (Қасқабасов, 2012: 410).

Сонымен қатар, Шығыс әдебиетіндегі «Жүсіп-Зылиха» туындысының сюжеті, Құран сюжетінен ауытқи қоймайды, бұл тіпті құрани сюжеттің реминисценция¹ ретінде дамуы деп түсінуімізге болады. Жыр нұсқаларының барлығы Құран сюжетін, өз тарапынан толықтырып, көркемдеп, тәпсірлеп, әсірелеп, ұлғайтып, әр автордың көзқарасына сәйкес сюжет композициясы мен мотивтер құрылымы тұрғысынан ғана өзгерістер енгізіп отырады. Бұл өз атына ислам дінінің қаншалықты дәрежеде әдебиет эстетикасына әсер еткенін көрсетеді. Себебі, Таурат пен Інжілге қарағанда, Құрандағы «Жүсіп» сүресінде Жүсіп пен Жақып пайғамбарлардан басқа кейіпкерлердің аттары аталмағанымен де кейінгі жыр нұсқаларының бойындағы толықтырылулар мен мотивтердің арқасында әлдеқайда кең дамуын таба түседі. «Жүсіп-Зылиха» туындысының көптеп жырлануы өзінше реминисценциялық сипатқа ие болуы, Құран-Кәрімнен бастау ала отырып, реминисценциялық принциптерді сақтай келе, жаңа туынды жасалуы, араб әдебиетінде қалыптасқан эстетикалық принциптердің басқа да, ислам діні тараған аймақтарға да әсер еткенінен болса керек. Осы тұрғыдан алғанда, реминисценциялар пен аллюзиялар барша шығыс әдебиетінің негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде қалыптасқанын аңғартады. Себебі, ортағасырлық араб әдебиетін зерттеуші Б.Я. Шидфар: «Тыңдаушының эстетикалық сезімі, тек қана оларға үйреншікті пішіндер мен сюжеттер арқылы қанады, ол ақыннан жаңа сюжет күтпейді... Сондықтан, тыңдарманның эстетикалық көзқарастарынан алшақ кете қоймаған ақын, бұрынғы сюжет

¹ Реминисценция (от позднелат. *reminiscentia* — воспоминание), в худож. тексте (преим. поэтическом) черты, наводящие на воспоминание о др. произведении. Р. — нередко невольное воспроизведение автором чужих образов или ритмико-синтаксич. ходов; последнее чаще всего бывает следствием т. н. ритмич. памяти. В отличие от заимствования и подражания Р. бывают смутными и неуловимыми (исключая ритмич. Р.), напоминая творч. манеру, характерный комплекс мотивов и тем к.-л. автора.



желісін әшекейлеп, әлдеқайда ұтымды беруге тырысады» (Шидфар, 1974: 12), – деген тұжырымы, осы мәселелерді орынды түсіндіреді. Ал Жүсіпбек қожаның «Жүсіп-Зылихасы» Құран мәтінінен цитата келтіруі, автордың осы шығарма арқылы оқырманның назарын діни және рухани негіздерге әдейі назар аудартуы байқалады.

Жүсіпбектің нақты осы туындыны қайта жырлауы, өз халқының әділетті патша туралы үміті мен арманын шығарма өзегіне айналдыруынан аңғарылады. Жүсіп пайғамбардың өмір жолының басы құл болудан басталуы, қазақ халқының сол кезде Ресей тарапынан толық жауланып, өз тәуелсіздігінен айырылуымен ұқсас болып келеді. Шығармада Жүсіп пайғамбар азат болып қана қоймай, патша дәрежесіне дейін көтерілуі, түптің

түбінде қазақтар да өз елінде өздері билікке қол жеткізеді деген армандарымен ұштасып жатады.

Әдебиет пен фольклор теорияларының тұрғысынан Жүсіпбек қожаның шығармашылығы өзінше бір қызықты құбылыс ретінде әлі де көп зерттеулерге арқау болары сөзсіз. Себебі, бұл шығармашылық фольклордан едәуір ұзай бастаған, бірақ әлі одан толық қол үзе қоймаған әдебиет ретінде ерекше қызық тақырып. Сондықтан, бір мақала аясында Жүсіпбек қожаның «Жүсіп-Зылиха» туындысының барлық қыр-сырларын аша алдық деуден аулақпыз. Алайда осы туындының фольклорлықтан көрі әдеби туындыларға едәуір жақындаған құбылыстардан көрініс беретіні де аңғарылады. Оның ішінде назира дәстүрімен жырланғаны анық байқалады.

Әдебиеттер

1. Ауэзов М. Мысли разных лет. По литературным тропам. – Алма-Ата: Казгосиздателство, 1961. – 544 с.
2. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение Востока и Запада. – Ленинград: Ленинградское отделение издательства «Наука», 1979. – 477 с.
3. Азат Ахунов. Сказание о вечной любви. // журнал Восточная коллекция, №4 (11), 2002. – 28-33 стр.
4. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток: (Из истории литературных связей). – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200 с.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 18: Ғашықтық дастандар. – 2005. – 376 б., суретті.
6. Бескова И.А. Природа сновидений (эпистемологический анализ). – Москва., 2005. – 239 с.
7. Косидовский Зенон. Библиейские сказания. Пер. с польского. Изд. 4-е. – Москва, Политиздат, 1978, 455 с. с ил.
8. Казан утлары. 1988. №3.//Кол Гали. Кыйссаи Йосыф 3-90 бб.
9. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2012. – 584 б.
10. Шидфар Б.Я. Образная система арабской классической литературы (VI-XII вв.). – Москва: Наука, 1974, – 256 с.

References

1. Aýezov M. Mysli raznyh let. Po literatýrnyh tropam. – Alma-Ata: Kazgosizdatelstvo, 1961. – 544 s.
2. Jirmýnski V.M. Sravnitelnoe literatýrovedenie Vostok i Zapad. – Leningrad: Leningradskoe otdelenie izdatelstva «Naýka», 1979. – 477 s.
3. Azat Ahýnov. Skazanie o vechnoi lúbvi. // jýrnal Vostochnaia koleksiá, №4 (11), 2002. – 28-33 str.
4. Satpaeva Sh.K. Kazahskaa literatýra i Vostok: (Iz istorii literatýrnyh svázey). – Alma-Ata: Naýka, 1982. – 200 s.
5. Babalar sózi: Júz tomдық. – Astana: «Foliant», 2005. T. 18: Ğashyqtyq dastandar. – 2005. – 376 b., sýretti.
6. Beskova I.A. Priroda snovidenií (epistemologicheskí analiz). – Moskva., 2005. – 239 s.
7. Kosidovski Zenon. Bibleiskie skazania. Per. s polskogo. Izd. 4-e. – Moskva, Politizdat, 1978, 455 s. s il.
8. Kazan ýtlary. 1988. №3.//Kol Galı. Kyıssai Iosyf 3-90 bb.
9. Qasqabasov S. Janazyq. Ár jylgy zertteýler. Astana: Áýdarma, 2012. – 584 b.
10. Shıfıar B.ıa. Obraznaia sistema arabskoi klassicheskoi literatýry (VI-XII vv.). – Moskva: Naýka, 1974, – 256 s.



Карипбаев Ж.Т.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н.Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

**СҚАЗАНИЕ ЖУСУПБЕКА
ШАЙХИСЛАМУЛЫ ПО ТЕМЕ
«ЮСУФ-ЗУЛЕЙХА»**

Объектом исследования в данной статье стал перепетый видным поэтом-жыршы Жусипбеком Шайхисламулы дастан «Исуф-Зулейха». Исследование определяет творческое направление писателя, историю произведения, причины написания и лежащий в основе литературный канон. Версия Жусипбека сопоставляется с первоначальной версией написанной Кул Гали, выявляются художественные особенности их сюжетов и мотивов. В результате подтверждается, что произведение было написано на принципах назира.

Ключевые слова: Восточная литература, Жусипбек Шайхисламулы, Исуф и Зулейха, дастан, Кул Гали, назира, реминисценция.

Karipbaev J.

L.N. Gumilyov Eurasian
National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

**«YUSUF AND ZULEIKHA»
LEGEND BY ZHUSUPBEK
SHAYKHISLAMULA**

The object of the research in this article is the dastan «YUSUF and ZULEIKHA», which was composed by a prominent poet-zhyrshy Zhusipbek Shaykhislamuly. The study shows the writing direction of the writer, the history of the writing of this work, the reasons for its writing and the literary canon taken as a basis is determined. Zhusipbek's version is compared with the original version written by Kul Gali, the literary features of their plots and motives are revealed. As a result, it turns out that the work was written on the principles of nazir.

Key words: Oriental literature, Zhusipbek Shaikhisamuly, Jusuf and Zuleikha, dastan, Kul Gali, nazira, reminiscence.

«Мәдени мұраның» сурет галереясы



Т.Мұқашев. Балалық шаққа саяхат. Кенеп, акрил.



Т.Мұқашев. Туған өлке. Қағаз, акрил, акварель.



Т.Мұқашев. Талтүс. Кенеп, акрил.



Т.Мұқашев. Қызғалдақ шашуы. Қағаз, акрил, акварель.



Т.Мұқашев. Жазғы бақта. Кенеп, акрил.



Т.Мұқашев. Толганай. Кенеп, акрил.